

«Ұлттық балаларды  
оңалту орталығы» КеАҚ  
Басқармасының  
2023 жылғы 14 шілдедегі  
№7 шешімімен  
БЕКІТІЛДІ

«Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ  
**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ  
ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ**

**Астана, 2023 ж.**

1. «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулығы (*бұдан әрі - Нұсқаулық*) Қазақстан Республикасы Конституциясына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және басқа да заңнамалық актілерге сәйкес және «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ (*бұдан әрі - Қоғам*) қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдарды орындау мақсатында әзірленген.
2. Нұсқаулық Қоғамда сыбайлас жемқорлық жағдайы туындаған кезде, пара ұсыну, пара алу, бопсалау, сондай-ақ Қоғамның басқа қызметкерлеріне қатысты белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау, сондай-ақ өзге де штаттан тыс жағдайлар кезінде Қоғам қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін айқындайды.
3. Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелері, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Нұсқаулықпен танысуға және оны қолдануға міндетті.
4. Нұсқаулықта келтірілген ұсынымдар ең қажетті минимум және жан-жақты қамтылмаған әрі қандай да бір нақты жағдайда шектеуші сипатқа ие емес.

### **Терминдер мен анықтамалар**

Нұсқаулықта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- 1) **сыбайлас жемқорлық** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;
- 2) **сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
- 3) **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;
- 4) **Пара алу** - мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның өзі немесе делдал арқылы ақша, бағалы қағаз, өзге де мүлік, мүлікке құқық немесе өзіне немесе

басқа адамдарға пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін мүліктік сипаттағы пайда түріндегі пара алуы пара берушінің немесе ол өкілдік ететін адамдардың, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттігіне кірсе не ол лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін, сол сияқты жалпы қамқорлық жасау немесе салғырттық танытумен бірдей;

5) **Мүдделер қақтығысы** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

б) **Коммерциялық пара алу** - коммерциялық немесе өзге де ұйымдағы басқарушылық функцияларды орындайтын тұлғаға оның қызметтік жағдайын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ пара берушінің мүддесі үшін жалпы қамқорлық көрсету немесе қызметте жол беру мақсатында оған ақша, бағалы қағаздар немесе өзге де мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету.

### **Негізгі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері**

Бұл Нұсқаулық негізгі қызметі медициналық қызмет көрсету болып табылатын Қоғамның қызметкерлеріне арнап әзірленгендіктен, пара алу және беру, оны алуға және беруге делдал болу - ең ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелі болып саналады.

ҚР заңнамасында аталған құқыққа қарсы іс-әрекеттерді жасағаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылық көзделген, олардың санкциялары он бес жылға дейін бас бостандығынан айыруға дейін, ал әкімшілік айыппұл алты жүз айлық есептік көрсеткішке дейін жетеді.

Бұл ретте, пара алушыға да, пара берушіге де жауаптылық көзделген.

Пара берудің негізгі себептерінің бірі мына факторлар болуы мүмкін:

- пациенттің немесе оның өкілдерінің (қамқоршыларының, жақын туыстарының) сапалы әрі шұғыл медициналық қызмет көрсетілуіне барынша қолдау көрсету, пациентке ерекше көңіл бөлсін деген ниеті;

- бұқаралық ақпарат құралдарындағы жағымсыз жарияланымдар немесе хабарлар, медицина саласындағы танымал емес әріптестердің орынсыз пікірлері салдарынан отандық медицина туралы қалыптасқан теріс менталитет пен көзқарасы;

- бұрын пациенттер немесе олардың жақындарын (таныстары) сапасыз медициналық қызмет салдарынан ауруының асқынуы және сол сияқты басқа да жағдайларды басынан өткізген.

Қоғамның негізгі қызметінен бөлек, персоналды басқару саласында

(еңбек заңнамасы), сондай-ақ Қоғамның қаржы институттарының мемлекеттік сатып алу саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері болуы алуы мүмкін.

Заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған мәмілелер мен шарттарды сот уәкілетті мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап арызы бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен жарамсыз деп таниды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық нәтижесінде қабылданған актілер мен жасалған әрекеттер оларды жоюға (қолданысын тоқтатуға) уәкілетті тұлғалар тарапынан жойылуға (жарамсыз деп тануға) немесе мүдделі тұлғалардың не прокурордың талап арызы бойынша сот тәртібімен жоюға негіз болып табылады.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 509-бабына сәйкес:

1) жас балалар мен әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтардың атынан олардың заңды өкілдерінің;

2) емдеу, тәрбиелеу мекемелерінің, әлеуметтік қорғау мекемелерінің және басқа да осыған ұқсас мекемелердің жұмыскерлеріне олардың емдеуіндегі, асырауындағы не тәрбиесіндегі азаматтардың, осы азаматтардың жұбайлары мен туыстарының сыйлық жасауына жол берілмейтінін естен шығармау қажет.

2. Мемлекеттік қызметшілерге және Заңға сәйкес өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдаған өзге де адамдарға, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдаған мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың сыйға тартушының пайдасына әрекеттері (*әрекетсіздігі*) үшін, егер мұндай әрекеттер аталған адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса немесе осы адамдар лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (*әрекетсіздікке*) ықпал етуі мүмкін болса, сыйлықтарды сыйға тартуға жол берілмейді.

Қоғамның барлық қызметкерлері пара алуға немесе пара беруге арандатудың алдын алу мақсатында, ең алдымен өздерінің моральдық-ерік қасиеттеріне сүйене отырып, лауазымдық нұсқаулықтарда көзделген функционалдық міндеттерін білуге және оларды қатаң сақтауға, сондай-ақ Қоғамның Іскерлік әдеп кодексі талаптарын мүлтіксіз орындауға міндетті.

Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Іскерлік әдеп кодексінде белгіленген талаптарды сақтай отырып, бағынысты қызметкерлерге тұрақты түрде бақылау жүргізуге міндетті. Олар жас мамандарға және жаңадан қабылданған персоналға жан-жақты көмек көрсетіп, құқыққа қайшы әрекеттерден сақтандыруға тиіс.

Заңнамада сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына қатысты шектеулер мен жауаптылықпен қатар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығынан өз еркімен бас тартқан адамдарға жәрдемдесу де көзделген.

Дайындалып жатқан, жасалалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы ақпаратқа ие болған адам бұл туралы өзінің

тікелей немесе жоғары тұрған басшысына және (немесе) өзі қызметкері болып табылатын ұйымның басшылығына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға хабарлауға міндетті.

Жоғары тұрған басшы, ұйым басшылығы, уәкілетті мемлекеттік органдар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы келіп түскен хабарлама бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті шара қабылдауға міндетті.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де түрде жәрдем көрсеткен адам мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен көтермеленеді.

Осы тармақтың ережелері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат берген тұлғаларға қолданылмайды, олар заңға сәйкес жауаптылыққа тартылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен беріледі. Аталған ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

### **Пара алуға арандатудан және өзге де сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарынан қорғану шаралары**

Пара алуға арандатудан немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа тарту әрекеттерінен өзін қорғау үшін Қоғам қызметкері қызметтік мінез-құлықтың жалпы қағидаттарын, лауазымдық регламентті қатаң сақтауға, сондай-ақ төменде көрсетілген негізгі қағидаларды орындауға тиіс:

- 1) жеке немесе қызметтік мәселелерді шешу үшін жүгінген келушілерді әрдайым басқа адамдардың қатысуымен қабылдаңыз;
- 2) сақтықпен әрі сыпайы түрде сөйлесіп, ықтимал пара беруші тарапынан пара алуға дайын болу немесе пара алудан үзілді-кесілді бас тарту ретінде түсіндіріліп кетуі мүмкін ойланбай айтылған сөздерге жол бермеңіз;
- 3) келушілерге арналған орындықты жұмыс үстелінен алшақ қойыңыз;
- 4) жұмыс үстелінен астына ықтимал параны байқатпай қалдырып кетуге болатын құжаттар мен өзге де заттарды алып тастаңыз;
- 5) қызметкерге еркінен тыс ақша беруге немесе қандай да бір сыйлық табыстауға әрекет жасалған жағдайда, ол өз қарсылығын ашық, дауыстап әрі екіұшты түсіндірмесіз нақты сөзбен және қимылмен білдіруге тиіс (*параға арандатушы сізбен болған әңгімені жасырын түрде аудио немесе бейнежазбаға түсіруі мүмкін екенін есте сақтау қажет*);
- 6) сізге ұсынылған шарттарды мұқият тыңдап, дәл есте сақтап алыңыз (*соманың мөлшері, тауарлардың атауы мен қызметтердің сипаты, пара беру мерзімі мен тәсілдері, коммерциялық пара беру нысаны, мәселелерді шешу кезектілігі*);
- 7) әңгімеде бастаманы өз қолыңызға алмаңыз, көбірек «тыңдаушы болыңыз», ықтимал пара берушінің еркін сөйлеуіне, мүмкіндігінше көбірек ақпарат айтуына мүмкіндік беріңіз;

- 8) егер жұмыс үстеліңізде, шкафтың ішінде, үстел жәшігінде, киімнің қалтасында және т.б. өзіңізге белгісіз қандай да бір затты (*пакет, конверт, қорап, түйіншек және т.б.*) байқасаңыз, оны ешбір жағдайда ұстамаңыз, әріптестеріңіздің бірін шақырып, оның ішінде не бар екенін бірге қараңыздар. Егер оның ішінде пара ретінде бағалануы мүмкін зат болса, дереу тікелей басшыңызды хабардар етіңіз;
- 9) пара беру туралы сізге түскен барлық ұсыныстар мен әрекеттер туралы тікелей басшыңызды жазбаша түрде хабардар етіңіз;
- 10) диктофоныңыз болса, пара туралы ұсынысты жазып алуға (*жасырын*) тырысыңыз;
- 11) қызметтік мәселелерді талқылау үшін қызметтік кабинеттен тыс жерде (*көшеде, қоғамдық көлікте, автокөлікте, дәмханада және т.б.*) кездесуге келісім бермеңіз;
- 12) туыстарыңызға өзіңіздің лауазымдық міндеттеріңізді орындауға байланысты кімнен болса да беріп жіберілген қандай да бір материалдық құндылықтарды (*ақша, сыйлықтар және т.б.*) қабылдауға қатаң түрде тыйым салыңыз.

### **Пара ұсынудың жанама белгілері**

Пара ұсынылғанын айғақтайтын төмендегідей белгілерді бөліп көрсетуге болады:

- 1) пара беру туралы әңгіме тұспалдап жүргізіледі, пара берушінің сөзі даулы мәселе оң шешілген жағдайда сізге ақша беретінін немесе қандай да бір қызмет көрсететінін ашық айтпайтын, қысқа әрі екіұшты сөйлемдерден тұрады; бұл ретте ешқандай «қауіпті» сөз тіркестері қолданылмайды;
- 2) әңгіме барысында, куәгерлер немесе аудио-, бейнежазу құралдары бар кезде, пара беруші ым-ишара немесе мимика арқылы мәселені басқа жағдайда (*басқа уақытта, басқа жерде*) талқылауға дайын екенін білдіреді;
- 3) параның мөлшері немесе сипаты ауызша айтылмайды, алайда ықтымал пара алушыға тиісті сандарды қағазға жазу, калькуляторда немесе компьютерде теру не өзге де тәсілдер арқылы көрсетуі мүмкін;
- 4) пара беруші байланысты күтпеген жерден мәселені шешуге тікелей қатысы жоқ басқа адамға бағыттауы мүмкін.

### **Пара ұсыну фактісі орын алғаннан кейінгі әрекеттер**

Қоғам қызметкеріне пара беру туралы ұсыныс түскен жағдайда, ол:

- 1) бұл туралы белгіленген тәртіппен тікелей басшысына баяндауы қажет және болған жай туралы Қоғамның Комплаенс-офицерін хабардар етуі керек.
- 2) Пара ұсыну фактісі жөнінде өтінішпен құқық қорғау органдарына жүгінуі керек, онда мына мәліметтер нақты көрсетілуге тиіс:
  - пара ұсынған адамның деректері (*тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы*);
  - ұсынылған параның сомасы және сипаты;
  - нақты қандай әрекет (*әрекетсіздік*) үшін пара ұсынып отырғанын;
  - пара беру қай уақытта, қай жерде және қалай жүргізілетінін.

### **Ынталандыру жолдары**

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу қағидаларына сәйкес (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 30 желтоқсандағы №1131 қаулысымен бекітілген*) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарға біржолғы ақшалай сыйақы түрінде жүзеге асырылатын көтермелеу белгіленеді.

Біржолғы ақшалай сыйақы мынадай мөлшерде белгіленеді:

- 1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы әкімшілік істер бойынша – 30 АЕК;
- 2) онша ауыр емес сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 40 АЕК;
- 3) ауырлығы орташа сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 50 АЕК;
- 4) ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 70 АЕК;
- 5) аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 100 АЕК.

Осы Қағидалардың 15-тармағында көзделген жағдайларда грамотамен марапаттау немесе алғыс жариялау түріндегі көтермелеу белгіленуі мүмкін. Көтермелеуді қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

#### **4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда жәрдемдесу:**

- 1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактісі туралы хабарлауды;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған іздеудегі адамның тұрған жері туралы ақпарат беруді;
- 3) кейін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу үшін маңызы бар өзге де жолмен жәрдемдесуді қамтиды.

Адамның берген ақпараты шындыққа сәйкес болса не оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесуі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеуге ықпал еткен болса және айыпты адамға қатысты:

- 1) әкімшілік жаза қолдану туралы сот қаулысы заңды күшіне енген;
- 2) айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- 3) ақталмайтын негізде қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарылған жағдайда, оған көтермелеу қолданылады.

#### **Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылық**

1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты тікелей бағынысты қызметкері жасаған жағдайда, басшы осы лауазымға тағайындалған күннен бастап 3 ай өткен соң жеке жауаптылықта болады. Бұл ретте, Заңның 24-бабына сәйкес, тікелей бағынысты қызметкері жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы өз бетінше хабарлаған басшылыққа аталған

жауаптылық қолданылмайды.

2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, коммерциялық пара беру және өзге де қылмыстық құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлаған немесе өз функционалдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де түрде жәрдем көрсеткен қызметкер мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен көтермеленеді.
3. Осы ережелер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат берген адамдарға қолданылмайды, олар Заңға сәйкес жауаптылыққа тартылады.
4. Өзінің функционалдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, коммерциялық пара және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы жәрдем көрсеткен қызметкер туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңнамада белгіленген тәртіппен ұсынылады.
5. Аталған ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

### **Қорытынды ережелер**

1. Нұсқаулық Қоғамның Басқармасы бекіткеннен кейін күшіне енеді.
  2. Қоғам Басқармасының шешімімен Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.
  3. Осы Нұсқаулықта реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Жарғысымен және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.
-

